

Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясы
Қамқоршылық кеңес отырысы
Хаттамма №1

Күні: 29.08.2022ж

Қатысқандары: 9

Қатыспағаны: 4

Шақырылғандар: Қайржанова А.З., мектеп директоры, Нигметова Д.М. әлеуметтік педагог.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп-гимназияның жаңа оқу жылына дайындығы туралы. Қайржанова А.З.
2. Қамқоршылық кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту. Кузнецова Д.
3. Мектепке жол акциясы. Нигметова Д.

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша мектеп директоры айтып өтті:

«Құрметті ата аналар 2022-2023 оқу жылына 1608 оқушымен 61 сынып комплектісімен бастағалы отырмыз, Оқу үрдісі үш ауысымда жүргізіледі. Бастауыш сыныптардың орташа сыйымдылығы 30 оқушы, жоғары сыныптар 22 оқушыны құрайды. Жаңа оқу жылында арнайы санитарлық талаптар қойылмайды. Барлық оқу кабинеттері жаңа оқу жылына толықтай дайын. Сабақтың басталуы бірінші кезең 8.00, екінші кезең 12.00, үшінші кезең 14.00. Жазғы уақытта бір бейнелеу кабинеті, екі оқу кабинеті, бір қолөнер кабинеті жасақталды. Жеке басына қаржыландыру бойынша мектептің акт залына Лед экран, жаңа музыкалық құрылғылар алынды. Және 400 дана оқушыларға арналған жеке шкафтар алынды. Қосымша білім беру бойынша спорттық секциялар, қолөнер жұмыс жасайды.»

Қабылданған қаулы: Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.

2 мәселе бойынша Кузнецова баяндады:

«Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп директоры атап өткендей биылғы оқу жылында өзгерістер көп. Әдеттегідей жаңа оқу жылында төрт отырысымызды өткіземіз деп ойлаймын. Бала саны көбейіп отыр дегесін, және де тамақтану асханада үш мезгіл болады, толық күн режимі сақталғасын, өте сапалы тамақтануды қамтамасыз етуіміз керек. Келіп жатырған отбасылардың әлеуметтік жағдайын білмейміз, мүмкін, мектебіміз бойынша көмекке мұқтаж отбасылар болуы мүмкін. Оларға көңіл бөлуіміз керек. Мектепте ұйымдастырылатын барлық шараларға отбасыларды қатысуға шақырамын. Сонымен қатар менің қызымның мектеп бітіруіне байланысты өз лауазымымды тапсырып, жаңа төраға тағайындауыңызды сұраймын (Қамқоршылық кеңес мүшелері Д.Лямовты төраға етіп тағайындады). Және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының ауысуына байланысты жаңа хатшы етіп Садыкова Л тағайындауыңызды сұраймын.

Қабылданған қаулы: Қамқоршылық кеңестің жаңа төрағасы, жаңа хатшысы мен жоспары бекітілсін.

3 мәселе бойынша мектеп әлеуметтік педагог сөйледі:

«Құрметті ата аналар жыл сайынғы жаңа оқу жылы алдында төткізілетін республикалық мектепке жол акциясы биылғы жаңа оқу жылында тамыздан бастап өз жұмысын ұйымдастырды. Мектебізде жаңа оқу жылында жалпы 45 көпбалалы отбасы бар, соның ішінде әлеуметтік педагогтарға құжаттарын тапсырып, жалпыға бірдей оқу қорынан көмек алған оқушылар саны 6. Тұрмысы аз қамтылған, көпбалалы отабасылардан шыққан балалар тізімі нақтыланып, олардың шаралардан тыс қалмауы қамтамасыз етілді. 2022 жылы даппай бірдей оқу қоры есебнен маусымдық аяқ киімдер алынды:

1д сыныбы ата аналары атынан алты аз қамтылған отбасы балалары оқу құралдарымен қамтамасыз етілді. 1 г сыныбы ата анасы Ихсанғалиев М алты аз қамтылған және екі көпбалалы отбасы балаларына мектеп сөмкесі және қамқоршылық кеңес мүшесі Г.Матжанова оқу құралдарымен демеушілік жасады. 4в сынып ата анасы А.Имангазиев әлеуметтік аз қамтылған отбасы оқушысы Тутурова В және асыраушынан айырылған

.басы оқушысы Оспанова А спорттық киіммен демеушілік көрсетті. Оқушылардың ыссы тамақпен қамтылуы бойынша мектеп асханасы толыққанды жұмыс жасайтын болады. Оқушылардың жекелеген санаттарына байланысты мектепте тегін тамақтану ұйымдастырады. 1400 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр. Оқушылардың тамақтану кестесі тәуліктік тамақтану кестесін бекіту арқылы жүргізіледі. Сынып жетекшілерінің бақылауымен кесте бойынша оқушылар уақытында тамақтанып отырады. Ас мәзірі мектеп директорымен бекітіліп, ем дәм бикесінің келісі арқылы жүргізіледі. Ас мәзірін сапалы әзірлеу үшін, асхананың санитарлық гигиеналық талаптарға сай болуын тексеріп отыру үшін брокеражды комиссия құрылды. »

Қабылданған қаулы:

1. Мектепке жол акциясы ескеріліп, аз қамтылған оқушылардың жағдайы назарда ұсталсын.
2. Мектептегі тамақтану барысы үнемі қатаң қадағаланып, жғары сапа қамтамасыз етілсін.
3. 2022 жылдың аяғына дейін, яғни қазан, қараша, желтоқсан айларына екі және одан да көп баласы біздің мектепте оқыған жағдайда бір оқушының тамақпен қамту лауазымдық кестесіне сәйкес төленетін төлемақысы алынып тасталсын.

Төрайым:

Хатшы:

Кузнецова Д

Садыкова Л